

**ЦЕНТР СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ –
ФИЛИАЛ ИНСТИТУТА ЭКОНОМИКИ КОМИТЕТА НАУКИ МНВО
РК В Г.АСТАНА
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ.Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ-ҚР
ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ
АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ASTANA BRANCH OF THE ECONOMICS INSTITUTE
OF COMMITTEE OF SCIENCE OF MSHE RK
L.N. GUMILEV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЦИФРАНДЫРУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ
КОММЕРЦИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ОРТАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТРЕНДТЕР, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

20 ақпан 2024 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научно-практической конференции

**«РАЗВИТИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ФОРМИРОВАНИЕ
ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ СРЕДЫ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ:
ТРЕНДЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

20 февраля 2024 год

WORKS

of the international scientific- practical conference

**«THE DEVELOPMENT OF DIGITALIZATION AND THE
FORMATION OF THE INSTITUTIONAL ENVIRONMENT OF E-
COMMERCE: TRENDS, PROBLEMS AND SOLUTIONS»**

2024, February 20th

Астана 2024

УДК 33:004
ББК 65:32.973
Ц 42

Издается под общей редакцией профессора Азатбек Т.А.

Редакционная коллегия:

Азатбек Т.А. – д.э.н., профессор; Жанбозова А.Б. - PhD, Сиксимбаева Г.Т. – магистр государственного и местного управления.

Ц 42 Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары = Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения = The development of digitalization and the formation of the institutional environment of e-commerce: trends, problems and solutions. -Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция/ Международная научно-практическая конференция. – International scientific-practical conference. - Астана: Центр социально-экономических исследований – филиал Института экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, 2024. 378 с.- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-215-232-6

В сборник включены научные доклады отечественных и зарубежных экономистов-исследователей, вузовских работников, специалистов-практиков, докторантов и магистрантов, представленные на международной научно-практической конференции «Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения». Конференция проведена в рамках реализации научных исследований по проекту грантового финансирования МНВО РК «Формирование институциональной среды рынка электронной коммерции в Казахстане, ее оценка и разработка механизма развития» (ИРН: AP14871419).

Материалы и рекомендации конференции предназначены для практического использования субъектами бизнеса, государственными органами, научными работниками, преподавателями и обучающимися высших учебных заведений.

Жинаққа «Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынылған отандық және шет елдік экономист-зерттеушілердің, жоғарғы оқу орындары қызметкерлерінің, маман-практиктердің, докторанттардың және магистранттардың ғылыми баяндамалары мен ұсыныстары енгізілген. Конференция ҚР ҒЖБМ «Қазақстандағы электрондық коммерция нарығының институционалдық ортасын қалыптастыру, оны бағалау және дамыту тетігін әзірлеу» гранттық қаржыландыру жобасы бойынша (ЖТН: AP14871419) ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру шеңберінде өткізілді.

Конференцияның материалдары мен ұсыныстары бизнес субъектілерінің, мемлекеттік органдардың, ғылыми қызметкерлердің, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерінің тәжірибелік пайдалануына арналған.

The collection includes scientific reports by domestic and foreign economists-researchers, university employees, practitioners, PhD students and undergraduates, presented at the international scientific and practical conference «Development of digitalization and the formation of an institutional environment for e-commerce: trends, problems and solutions».

The conference was held as part of the implementation of scientific research under the grant funding project of the MSHE RK «Formation of the institutional environment of the e-commerce market in Kazakhstan, its assessment and development of a development mechanism» (IRN: AP14871419).

УДК 33:004
ББК 65:32.973

© «Институт экономики» Центр социально-экономических исследований – филиал в г. Астана, 2024

- Прозрачность и эффективность: Европа стремится к повышению прозрачности и эффективности в логистической сфере, что улучшает условия бизнеса и привлекает инвестиции. Казахстану следует уделить внимание улучшению деловой среды, упрощению бюрократических процедур и повышению качества услуг в логистике.

Таким образом, изучение зарубежного опыта цифровизации логистической инфраструктуры представляет собой важный шаг для Казахстана на пути к созданию современной и конкурентоспособной логистической системы, способствующей устойчивому экономическому развитию и интеграции в мировую экономику.

Список литературы:

1) «Опыт Европейский стран в совершенствовании логистической деятельности организаций» - Г.Р. Баталин., 2021г. – [Электронный ресурс].-URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-evropeyskih-stran-v-sovershenstvovanii-logisticheskoy-deyatelnosti-organizatsiy>

2) «Цифровизация транспортно-логистического комплекса Казахстана» – [Электронный ресурс].-URL: <https://kazlogistics.kz/docs/digital/%D0%A6%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%A2%D0%9B%D0%9A%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0.pdf>

3) «Логистика стремится к цифровизации» - [Электронный ресурс].-URL: <https://dknews.kz/ru/chitayte-v-nomere/272450-logistika-stremitsya-k-cifrovizacii>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.І. Жұманова

бакалавриат студенті

Е.М. Әбенев

PhD докторы, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларына енетін қазіргі әлемде цифрлық саясат барған сайын маңызды рөл атқарады. Бұл интернетке қол жетімділікті қамтамасыз етуден бастап ақпаратты қорғау мен киберқауіпсіздікке дейінгі көптеген мәселелерді қамтитын цифрлық ортаны реттеуге және дамытуға бағытталған шаралар кешені.

Цифрлық саясат - біздің өміріміздің көптеген аспектілерін қамтитын қазіргі қоғамның маңызды аспектісі. Ол цифрлық технологияларды енгізу және пайдалану, деректерді басқару, киберқауіпсіздік, цифрлық ортадағы этика және

адам құқықтарымен байланысы арқылы экономикалық өсуді ынталандыруға, қауіпсіздік нығайтуға, халықтың өмір сүруін жақсартуға тең мүмкіндіктер береді.

Елімізде цифрлық саясат 2018 жылғы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жүзеге асқан болатын. Негізгі бағыты болып табылатын цифрлы мемлекетке көшу - аймақтар деңгейінде цифрлы технологиялардың халық арасындағы пайдалану қарқынын арттыру, қызмет көрсету тәсілдерін өзгерту және мемлекет-халық-бизнес арасындағы өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы[1]. Цифрлы саясаттың еліміздегі деңгейін бірнеше көрсеткіштер арқылы анықтауға болады, солардың бір ретінде – халықтың цифрлық сауаттылығы.

Цифрлық сауаттылық – сандық ортада қоғам мүшелерінің еркін және қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік беретін және қолжетімді цифрлық ресурстардың қолдана алу қабілетін көрсетеді.


1-ші суретте көрсетіп отырғанымыздай, жалпы республиканың цифрлық сауаттылық деңгейі 2022 жылы 88,3%-ды көрсетті, бұл соңғы үш жылдағы деректермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Ал аймақаралық деңгейде Ұлытау, Алматы облыстары 91,9%-ды, екінші орында Қостанай облысы 90,9%-ды, келесі орында Түркістан облысы 89,9%-ды көрсетуд. Бұл көрсеткіштер еліміздің 6 және 74 жас аралығында тұрғындар негізінде Ұлттық статистика Бюросында жасалынған болатын[2].

Елімізде барлық аймақтарға жекеленген түрде цифрлық этапқа көшу бойынша салалар деңгейінде жұмыстар жүргізілуде. Бірақ, бұл қоғамның толыққанды цифрлық жүйеге 100% енуін көрсете бермейді. Жоғарыда кестеде көріп отырғанымыздай, еліміздің белгілі бір аймақтар аралығында цифрлық теңсіздіктер орын алған. Ал бұл тек ел деңгейін емес, әлемдік деңгейдегі жаһандық мәселе болып табылады. 2022 жылғы көрсеткіштер негізінде БҚО, СҚО, Ақмола және Абай облыстары мақсатты көрсеткіш болған 83%-ды да қамти алмаған[2].

Жоғары да аталған аймақтарда сауаттылық деңгейінің төмен болуының негізгі «көзі» - интернетке толыққанды қолжетімділіктің болмауы.

Цифрлық сауаттылықтың бір көрсеткіші халықтың мемлекет ұсынатын арнайы қызметтерін онлайн түрде ала алу қабілетімен көруге болады. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтердің электронды қызмет көрсету деңгейі 93%, соның ішінде 66%-ын ұялы телефон арқылы қол жетімді болып табылады.

Негізгі мемлекеттік қызметтерді реттейтін және қоғамның цифрлық сауаттылықты жетілдіру және дамытудың негізгі құралдарының бірі халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, арнайы оқу курстарын мемлекеттік органдарда ұйымдастырса оң нәтиже берері сөзсіз.



Ескерту - [2] деректер негізінде автормен құрастырылған.


1 Сурет-2022 жыл бойынша аймақаралық деңгейдегі цифрлық сауаттылық көрсеткіштері, %.

Ол үшін Қазақстан Республикасы аймақтарында және елді мекендерінде интернет желісінің жылдамдығы мен қолжетімділігін арттыру керек болады.

Ұлттық статистика Бюросының деректері бойынша республика аумағында 6295 ауыл және 7,5 млн ауыл тұрғыны өмір сүреді және ауыл тұрғындары көп жағдайда қала тұрғындарына қарағанда интернет тарифтерін 90%-ға аз көлемде төлем жасайды. Яғни, ауыл халқы интернет ресурстарын қолдануды ұнатпайды емес, керісінше интернет жылдамдығының көңілден шықпауынан, мүмкіндіктің болмауынан қажет ете бермейді.

Қазіргі уақытта 2 мыңға жуық елді мекендерге тек 3G-ді ғана көрсетеді. Осы себептен тұрғындарды көптеген шағымдар түседі, ал шағымдардың негізі – интернеттің «әлсіздігі» немесе мүлдем жоқтығы[3]. Интернет жетіспеушілігі туындайтын аймақтарда электрондық қызмет көрсеткіші 93% болып табылатын ел тұрғындары мемлекеттік қызметке қалай қол жеткізетіндігі ойландырады.

2-суретте қала және ауыл деңгейіндегі интернет қолданушылар үлесі көрсетілген. Қарап отырғанымыздай, ауыл тұрғындарының үлесі қала халқы үлесінің жарты үлесін құрайды. Бұл жоғарыда келтірілген төлем жүйесімен сәйкес келеді. Мемлекет аймақтардағы бұл қарқындылықты арттыру үшін «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын ұсынған болатын.



Ескерту - [2] деректер негізінде автормен құрастырылған.

2 Сурет – соңғы 3 жылдағы қала және ауыл халқының интернет қолданушыларының үлесі, %.

Бұл жоба да халық саны 250-ден асатын АЕМ-де төменгі жылдамдық 50 Мбит/сек-тық интернетке қосу мақсаты болып табылады. Нәтижесінде Kcell 468 базалық станция мен 550-ге жуық желілер орнатуға, 45 ауылды 3G және 3G/4G-мен қамтамасыз етуге көмектескен болатын. Жобаны жүзеге асыру барысында жалпы 900 мыңға жуық адам 3G-мен, ал 660 мың адам 3G/4G-мен қамтамасыз етілді. Бұл тек ауыл халқы тұрғындарының тек бір бөлігі ғана болып табылады, ал қалған тұрғындардың қолжетімділігі және сауаттылығы төмендей беруінің ықтималдылығы жоғары болып табылуы мүмкін[4].

Ендігі кезекте жоғары да аталған мәселерді жүзеге асыратын IT-мамандары болып табылады. Мемлекеттік органдардағы IT-мамандары арнайы жүйелерді әзірлеу, енгізумен, IT-қызметтерін ұсыну және оқыту жүйесімен айналысады. Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөзінде, мемлекеттік органдарда әлсіз кадрлар цифрландыру саясатының проблемасы екенін айта өткен. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың IT-құрылымдық бөлімдерінде 500-ден астам қызметкерлер жұмыс жасайды, олардың жартысынан көп бөлігінде IT кәсіби білімі жоқ болып табылады. Мемлекеттік органдарда цифрландыру мәселесі, соның ішінде кадрлардың кәсіби білімі негізінде іріктеу тәсілдерін жетілдіру, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың ролін өзгерту сынды ұсыныстар ұсынылған болатын[5].

Жоғарыдағы талдауға негізделі отырып, жалпы еліміздегі цифрлық саясатты жүргізу барысында аймақтар арасында туындаған мәселелер тізбегін анықтауға болады. Мемлекет бұл саясаттың елде даму процесін жеделдетпей, артқа тартушылық туындайды. Негізгі мәселелер қатарына:

- цифрлық саясатты жүргізу барысында аймақтар арасындағы цифрлық теңсіздіктің пайда болуы және теңсіздік деңгейінің алшақ болуы;
- аймақтар, соның ішінде АЕМ-де интернет талшықтарының бірыңғай болмауы;
- мемлекет тарапынан интернетке қосылу көздерін жүзеге асыратын жобалардың толыққанды болмауы («Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы халық саны 250-ден асатын АЕМ-ге арналған, ал халық саны 250-ден аз немесе шекара маңы мекендерді де ескеру қажет);
- мемлекеттік органдардағы процестерді жүзеге асыратын ІТ-қызметкерлерінің жетіспеушілігі;
- жергілікті цифрлық инфрақұрылымның толық жетілмеуі.



Ескерту - автормен құрастырылған.

3 Сурет – Цифрлық теңсіздікті төмендетуге бағытталған іс-шаралар жиынтығы

Цифрлық саясатты жүргізу барысында орын алатын үлкен мәселе – цифрлық теңсіздік. Ол халықтың әртүрлі топтары арасындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларға тең емес қолжетімділік болып табылады. Цифрлық теңсіздік нәтижесінде ел аумағында цифрлық инфрақұрылымның жетілмеуі, қоғамның цифрлық дағдылары жеткілікті түрде дамымауы, АКТ-ны қолдану барысында кедергілердің туындауына алып келеді. Цифрлық саясаттың мәселелерін шеше отырып, келесі жағымсыз салдарлар туындайды:

1) экономикалық теңсіздік – АКТ-ға қол жеткізе алмайтын адамдар білім алу, жұмыс істеу және бизнесті дамыту мүмкіндіктерімен шектелуі мүмкін.

2) әлеуметтік теңсіздік – цифрлық теңсіздік қала мен ауыл тұрғындары арасындағы алшақтықтың үлкеюіне алып келуі мүмкін.

Осы мәселелер тізбегіне сүйене отырып келесі шешу жолдарын ұсынамын.

Жергілікті цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру – жоғары көрсетілген ұсыныстардың бірлесе жүзеге асуы нәтижесінде ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың жұмыс істеуін жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

Цифрлық саясат экономика мен қоғамды дамыту мақсаттарына қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Маңыздысы, цифрлық саясат жан-жақты болуы керек және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту мен қолданудың барлық аспектілерін ескеруі қажет.

Қорытындылай келе, цифрлық саясат – өзгермелі жағдайларға үнемі бейімделу керек динамикалық процесс деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. - [Электрондық ресурс].-URL: "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)

2. Ұлттық статистика бюросы – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы. - [Электрондық ресурс].-URL: Салалар - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (stat.gov.kz)

3. В Казахстане ликвидируют цифровое неравенство между городом и селом. - [Электрондық ресурс].-URL: <http://zakon.kz>

4. "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасы. Нацпроект «Доступный интернет»: Казахстанцев обеспечат доступом к интернету со скоростью не менее 100 Мбит/с - [Электрондық ресурс].-URL: www.gov.kz.

5. Половина IT-специалистов в госорганах не имеет профобразования. - [Электрондық ресурс].-URL: kursiv.media